

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелді.

Ескерту. Бүйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 62) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары осы бүйрықтың косымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі*

*A. Аймагамбетов*

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі  
2022 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 486 Бүйрыққа  
қосымша

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде оларды пайдалану мақсатында "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 62 тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұйымдар пайдаланылады:

1) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары – білім беру ұйымын бағалауды анықтау үшін қолданылатын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптардың жиынтығы;

2) бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізуге негіз болатын белгілер мен нақты өлшеуіштер;

3) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

4) кешенді тестілеу – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

5) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын менгеру бойынша алған, көрсететін білімнің, машиқтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

6) оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша менгерілуге тиіс білімнің, машиқтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

7) оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабактарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

## 2-тaraу. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

### 3. Бағаланатын кезеңге өлшемшарттар:

1) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік аттестаттау болып табылмайтын білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау оқу нәтижелеріне бағалау жүргізбей

өткізіледі, сонымен қатар білім алушылардың қорытынды атtestatтauын ескере отырып, бағаланатын кезең оқу жылы болып табылады;

2) мемлекеттік атtestatтau алдындағы білім беру үйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік атtestatтau басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады.

4. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) оқыту нәтижелеріне бағалау 4, 9-сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі үйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі – компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша жүргізіледі;

2) компьютерлік тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствоны және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды тұлғаларының байқаушы ретінде қатысуымен жүзеге асырылады;

3) оқыту нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасалады;

4) компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың төменінде 90 %-ы қатысқан кезде жүргізіледі (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды құрайтын білім беру үйымдары үшін – төменінде 80 %);

5) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар себебінен оқыту нәтижелерін бағалауга жататын 4, 9-сыныптар білім алушыларының қашықтықтан оқыту кезінде компьютерлік тестілеу тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары алынғанға дейінгі мерзімге ауыстырылады;

6) білім алушылар компьютерлік тестілеу рәсімдерінен босатылады және мынадай жағдайларда оқыту нәтижелерін бағалауга жататын білім алушылар контингентінің тізімдік құрамына енгізілмейді:

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындылары (ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін);

білім беру үйымдарын бағалау кезеңіндегі денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы немесе денсаулығының жай-күйі бойынша полимеразды тізбекті реакцияның оң нәтижелері;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бүйрыймен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7355 тіркелген) бекітілген Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес олимпиадаларға, конкурстарға және жарыстарға қатысу туралы білім басқармасының бүйріғы;

7) бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

"өте жақсы" – 85-100 %;

"жақсы" – 65-84 %;

"қанағаттанарлық" – 40-64 %;

"қанағаттанарлықсыз" – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40 % -дан төмен болғанда;

8) компьютерлік тестілеу нәтижелері цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағаланады, сонымен қоса оқыту нәтижелерін бағалау қорытындылары бойынша апелляция рәсімі көзделмеген;

9) білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан төменінде 40 %-дан төмен емес білім алушылардың "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім беру стандартының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "ұлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

6. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштер, осы  
Өлшемшарттардың 1, 2, 3, 4-косымшаларына сәйкес қолданылады.

7. Білім беру ұйымы қызметінің деңгейін бағалау өлшемшарттар балдарының жалпы сомасы бойынша айқындалады.

Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келмесе, білім беру ұйымдарының қызметін бағалау кезінде балдардың қорытынды сомасы 50% - ға төмендейді.

8. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері онлайн форматта сауалнама жүргізеді:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (занды өкілдері); мектепалды жастағы топтар болмаса – ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (занды өкілдері);

бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне); білім беру ұйымында бітіруші сыныптар болмаса – жоғары сыныптардың білім алушыларымен және ата-аналарымен (занды өкілдері);

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтерге, жұмыс берушілерге, өндірістік практика базаларының басшыларына және бітіруші курстардың білім алушыларына; білім беру ұйымында бітіруші курстар болмаса – жоғары курстардың білім алушыларына.

Педагогтерге, жұмыс берушілерге, өндірістік практика базаларының басшыларына сауалнама 90% -дан кем емесреспонденттер қатысқан кезде жүргізіледі.

Білім алушыларға, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ата – аналарына (занды өкілдері) сауалнама респонденттердің тәменінде 90% - ы (білім беру ұйымдары үшін, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жалпы саны тәменінде 80% - ды құрайтын білім алушылар (тәрбиеленушілер) үшін) қатысқан кезде жүргізіледі.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 [бүйріғымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 [бүйріғымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 [бүйріғымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 [бүйріғымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (корытынды) болуы және талдау;

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабактар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйріғымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйріғымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді менгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дene тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

5) білім алушылардың жеке мұдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың терендептілген және стандартты деңгейі);

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру;

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бүйріғымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім

беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклузивті білім беру шенберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қантардағы № 52 бүйріғымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастыруышы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклузивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын менгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағықаникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

3-параграф. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

16. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына өлшемшарттар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы жәнетехникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі:

жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқыту немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқыту;

зертханалық-практикалық сабактарды орындау;

өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту;

аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру;

егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауга;

бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің модульдерге интеграцияланған білім беру бағдарламаларын оқыту;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары (бұдан әрі-ТжКОБкБ) жұмыс берушілердің қатысуымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген), кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills (Ворлдскилс) кәсіптік стандарттары (бар болса) талаптарының негізінде әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) 1, 2-косымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің (бұдан әрі- ТжКБ) оқу жоспарының моделінегізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы;

4) оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша ТжКОКб бекіткен жұмыс оқу бағдарламаларының болуы;

5) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жеке оқу жоспарын және арнайы оқу бағдарламасын (бар болған жағдайда) іске асыру;

6) қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыштану-математикалық бағыттары бойынша мамандық бейінін ескере отырып, міндетті жалпы білім беретін пәндердің, сондай-ақ тереңдептілген және стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлемінің сәйкестігі (техникалық және кәсіптік білім беру үйымдары үшін);

7) бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін енгізе отырып, модульдерге интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын зерделеу (орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін);

8) жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе базалық модульдерді, сондай-ақ кәсіптік модульдерді (әскери мамандықтарды қоспағанда) оқыту;

9) Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жүзеге асыру және одан өту;

10) Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалауды әртүрлі бақылау түрлері арқылы үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу;

11) білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктерімен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ білім беру бағдарламасын ішінша немесе толық игеруді көздейтін инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталмаған адамдар болған кезде) әзірленген арнайы оқу бағдарламаларының болуы;

12) білім алушылардың физикалық бұзушылықтары мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ТжКБ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы негізінде инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін (ақыл-ойы сақталған адамдар болған кезде) әзірленген жеке оқу бағдарламалары мен жоспарларының болуы.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-агарту министрінің м.а. 27.06.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.**

17. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі, сондай-ақ факультативтік сабактар мен консультацияларды қоса алғанда, білім алушылардың алтадағы оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі;

2) міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақтау;

3) әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша менгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақтау;

4) күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен кешкі оқыту нысаны үшін 70%-дан төмен емес және сырттай оқу нысаны үшін 30%-дан төмен емес міндетті оқу сабактары уақыты көлемінің сақталуы.

18. Үлттық біліктілік шенберінің, салалық біліктілік шенберлерінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларымен айқындалалатын білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар;

19. Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 348 бүйрігымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдерінің сақталуына өлшемшарттар.

Білім беру ұйымдарын  
бағалау өлшемшарттарының  
1-қосымшасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаган педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 70 <u>бүйрігына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде	100 %	5
		95 - 99 %	4

	№ 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар белінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	3

		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	2
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалуденгейіне қанағаттанған  65%-дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған  50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған  50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5 4 3 2 Жүктеу

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2-қосымшасы

Бастауыш, негізгі орта және орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар

Ескерту. Өлшемшарттарға өзгеріс енгізілді - КР Оқу-ағарту министрінің 15.05.2024 №106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе	100 %  95 - 99 %	5  4

	педагогикалық қайта даярлауды раставайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	80 - 94 % 80 %-дан төмен	3 2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаган педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курсарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
4	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру үйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті раставайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім	Толық жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан жоғары, гимназиялар - 50 %-дан жоғары; Шағын жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер - 30 %-дан жоғары	5
		Толық жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 35% -дан 44 % аралығында, гимназиялар –40% - дан 49% аралығында; Шағын жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер – 25%-дан 29% аралығында	4
		Толық жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25%-дан 34 % аралығында, гимназиялар –30% - дан 39% аралығында; Шағын жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер – 20%-дан 24% аралығында	3

	беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Толық жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25 % -дан төмен, гимназиялар –30% -дан төмен; Шағын жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер – 20%-дан төмен	2
5	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру үйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 <a href="#">бұйрығына</a> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Толық жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 55 %-дан жоғары, лицейлер - 60 %-дан жоғары, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, гимназиялар үшін 60 %-дан жоғары, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру үйымдары үшін 65 %-дан жоғары, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысуышылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 35 %-дан жоғары	5
		Толық жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -45% -дан 54 % аралығында, лицейлер - 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, гимназиялар үшін 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру үйымдары үшін 55%-дан 64% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысуышылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 30%-дан 34 % аралығында	4
		Толық жинақталған білім беру үйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар,	3

		<p>мектеп-лицейлер -35%-дан 44 % аралығында, лицейлер - 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында, гимназиялар үшін 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан 54% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің женімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысуышылары мен женімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда);</p> <p>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: жалпы білім беретін мектептер 25%-дан 29 % аралығында</p>	
		<p>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</p> <p>жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан төмен, лицейлер - 40 %-дан төмен, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен, гимназиялар үшін 40 %-дан төмен, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан төмен, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің женімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысуышылары мен женімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда);</p> <p>Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін:</p> <p>жалпы білім беретін мектептер 25 %-дан төмен</p>	2
6	<p>Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 <a href="#">бүйрігіна</a> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы</p>	<p>100 %</p> <p>95 - 99 %</p> <p>80 - 94 %</p> <p>80 %-дан төмен</p>	<p>5</p> <p>4</p> <p>3</p> <p>2</p>

7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қантардағы № <u>44</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № <u>216</u> бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру үйімдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
9	Білім беру үйімдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 85 %-дан 100 %-ға дейін құрайды	5

		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 65 - 84 %-ға дейін құрайды	4
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40-64 %-ға дейін құрайды	3
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40 %-дан төмен құрайды	2
11	Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңденг ейінеқанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңденг ейінеқанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңденг ейінеқанағаттанған	3
		50 % -дан төменреспонденттеркөрсетілетінбілімберуқызметтерініңденгейінеқанағаттанған	2
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	2

13	Ата-аналардың (занды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан төмен респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	2 Жүктеу

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының  
3-қосымшасы

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттар

**Ескерту. Өлшемшарттарға өзгеріс енгізілді - КР Оқу-ағарту министрінің 15.05.2024 №106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

№ п/п	Бағалау өлшемшарттары	Олшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды раставтын құжаты бар педагогтердің ұлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растастаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың) үш жылда	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3

	бір реттен сиретпей ) үлесі	80 %-дан аз	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курсарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	4
		80 - 94 %	3
		80 %-дан төмен	2
4	Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері үшін даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар (жұмысшы біліктіліктерін қоспағанда бойынша педагогтердің жалпы санынан)	100 %	5
		85 - 99 %	4
		70 - 84 %	3
		70 %-дан төмен	2
5	Даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндері бойынша педагогтердің үлесі (жұмысшы біліктіліктері үшін)	100 %	5
		75 - 99 %	4
		50 - 74 %	3
		50 %-дан төмен	2
6	Даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және мәдениет саласында білім беру бағдарламаларын іске	100 %	5
		75 - 99 %	4
		50 - 74 %	3
		50 %-дан төмен	2

	асыратын білім беру үйымдары үшін педагогтердің үлесі		
7	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша педагогтер санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушідің, педагог-шеберлердің және (немесе) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар адамдардың үлесі (техникалық және кәсіптік білім беру үшін)	100 % 65 - 99 % 30 - 64 % 30 %-дан төмен	5 4 3 2
8	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша педагогтер санынан педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушідің, педагог-шеберлердің және (немесе) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар адамдардың үлесі (орта білімнен кейінгі білім беру үшін)	100 % 70 - 99 % 40 - 69 % 40 %-дан төмен	5 4 3 2
9	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын	100 %	5

	даярланатын білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар (мамандық бойынша педагогтердің) бойынша педагогтер санынан ұйымдарда және/немесе өндірісте көлемі соңғы 3 жылда төменінде 36 сағат тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтерімен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	55 - 99 % 10 - 54 % 10 %-дан төмен	4 3 2
10	Магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтермен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	100 % 55 - 99 % 10 - 54 % 10 %-дан төмен	5 4 3 2
11	Студенттердің тұруы үшін жағдайлар жасау, жекене шаруашылық жүргізу, немесе жедел басқару, немесе сенімгерлік басқару құқығымен, немесе жатақханалардың, және/немесе хостелдердің және/немесе қонақ үйдің тұруын қамтамасыз ететін толық оқу кезеңіне жалға алу құқығымен тиесілі болуы	100 % 65 - 99 % 30 - 64 % 30 %-дан төмен	5 4 3 2
12	Білім беру ұйымдары тұлектерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен	100 % 88 - 99 % 75 - 87 % 75 %-дан төмен	5 4 3 2

	қамтылғандардың бір жыл ішіндегі үлесі		
13	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 07 наурыздағы № 97 <u>бұйрығына</u> (нормативтік күқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіzlімінде № 7574 тіркелген) сәйкес білім беру үйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру	100 % 95 - 99 % 80 - 94 % 80 %-дан төмен	5 4 3 2
14	Білім алушылар контингентіне қатысты оқу жұмыс жоспарына сәйкес, оның ішінде даярланатын білім беру бағдарламаларының тіzlіміне енгізілген мамандықтар бойынша толық оқу кезеңіне оқу тілдері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы	100 % 95 - 99 % 80 - 94 % 80 %-дан төмен	5 4 3 2
15	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттеркөрсетілетін білімберуқызметтерінде нгейінеканағаттанған  65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттеркөрсетілетін білімберуқызметтерінде нгейінеканағаттанған  50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттеркөрсетілетін білімберуқызметтерінде нгейінеканағаттанған  50 % -дан төмен респонденттеркөрсетілетін білімберуқызметтерінде нгейінеканағаттанған	5 4 3 2
16	Педагогтердің сауалнама	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу	5

	нәтижелерін талдау	денгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу денгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгіреспонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу денгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан тәмен респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу денгейіне қанағаттанған	2
17	Ата-аналардың (занды өкілдердің) сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан тәмен респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	2
18	Жұмыс берушілердің, өндірістік практика базалары басшыларының сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың күзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың күзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың күзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	3
		50 %-дан тәмен респонденттер білім алушылардың күзыреттілік деңгейіне қанағаттанған	2 Жүктеу

Білім беру үйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарының

## Бағалау парагы

(білім беру ұйымының аталуы)

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1			Балдардың жалпы сомасы Жүктеу

Ескерту. Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының бес деңгейі белгіленген:

ұлгілі – 40-тан 45 балға дейін, жақсы – 35-тен 39 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 30-дан 34 балға дейін, төмен – 30 балдан төмен - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін;

ұлгілі – 55-тен 65 балға дейін, жақсы – 45-тен 54 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 35-тен 44-балға дейін, төмен – 35 балдан төмен – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін; ұлгілі – 65-тен 75 балға дейін, жақсы – 55-тен 64 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 40-тан 54 балға дейін, төмен – 40 балдан төмен – техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін;

ұлгілі – 70-тен 80 балға дейін, жақсы – 60-тан 69 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 45-тен 59 балға дейін, төмен – 45 балдан төмен – орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін.

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)